



2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

**ҒЫЛЫМИ  
ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ  
ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА**  
Зерттеу ұсынысы





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Зерттеу ұсынысы

Бүгінгі дәрістің тақырыбы зерттеу ұсынысы деп аталады. Зерттеу ұсынысы дегеніміз не? Ағылшынша зерттеу ұсынысы research proposal, ал орысша заявка на исследование деп аударылады. Көп жағдайда біз зерттеуді шынайы өмірге аса көп қатысы жоқ, тек ғалымдарға ғана керек, абстрактілі дүние сияқты түсінеміз. Бірақ, шын мәнісінде, ғылым саласы да кәсіпкерлік, яғни бизнес сияқты сала. Өйткені егер сіз зерттеуіңіздің шын мәнісінде құнды, әлдебір ұйымдар немесе басқа да бір орындар үшін пайда әкелетініне сендіре алсаңыз, сіз зерттеу жобаңызды тауар ретінде сата аласыз. Ал зерттеуге тауар пішінін беретін осы зерттеу ұсынысы. Бұндай жүйе, яғни ғылымды бизнес ретінде, табыс көзі ретінде қарау тәжірибесі батыста жақсылап жолға қойылған. Және жан-жақты жетілдіріліп, мүмкіндігінше бәсекелестік деңгейін жоғарылату арқылы ғылымды дамытатындай етіп ойластырылған. Елімізде бұл бағыт соншалықты дамытылмағанымен де, осы бағытта жұмыстар жасалып жатыр. Мысалы, Білім және ғылым министрлігі тарапынан зерттеушілерге арналған гранттарға конкурстар жарияланып отырады.

Зерттеу ұсынысының жазылуына себеп болатын тағы бір жағдай, магистратурға немесе докторантураға түсуге байланысты болуы мүмкін. Әсіресе, бұл докторантураға көбірек байланысты. Докторантура түсерде жинайтын құжаттардың арасында зерттеуге негіздеме де бар. Міне осы зерттеуге негіздеме зерттеу ұсынысымен бірдей. Оны сізден талап етуінің себебі сіздің ғылыми біліктілігіңізді, қабілетіңізді, ұқыптылығыңызды, жалпы ғылыми жұмысты жазуға қажет болатын қасиеттеріңізді тексеру үшін. Сондықтан, сіз зерттеу ұсынысын жақсы жаза алсаңыз, өзіңізді тауар ретінде жақсы көрсете аласыз деген сөз.

Сонымен, біз зерттеу ұсынысы дегеніміз не екенін талдап, түсініп алдық. Енді оны қалай жазу керек екеніне тоқталайық.

Бірінші, және ең басты талап, конкурсты жариялап отырған ұйымның зерттеу ұсынысын жазуға қоятын талаптары. Ол талаптар әртүрлі нәрсеге байланысты болуы мүмкін. Мысалы, сөз саны, зерттеу бағыты, зерттеу тобына қойылатын талаптар, ұсыныстың жазылу реті деген сияқты. Сіздің бірінші міндетіңіз сол талаптармен жіті танысып шығу. Және сол талаптардан еш ауытқымау. Егер талапқа сай келмейтін жағдайлар болса, ол жағын қалай шешуге болатынын ойлану, тіпті шеше алмаған жағдайда зерттеу ұсынысында жобаңыздың маңызды екеніне сендіре алатын негіздемені қалай жазуға болатынын ойлану. Талаптарға сай болу және оларды бұзбай сақтау не үшін маңызды.

Біріншіден, әдетте комиссия мүшелері зерттеу ұсынысының мазмұнын талдауға кіріспес бұрын, оның техникалық талаптарға сай ма екенін қарап алады. Техникалық талаптарға сай жұмысты анықтап шығу тез, әрі жеңіл. Сондықтан сіздің жұмысыңыз қандай құнды болғанына қарамастан, тек техникалық талапқа сай болмағаны үшін ғана конкурстан шығып қалуы ғажап емес. Осылайша сіздің барлық еңбегіңіз бен ізденісіңіз зая кетеді. Екінші бір себебі техникалық талаптарды орындамағаныңыз арқылы сіз комиссия мүшелерінің сенімінен шығасыз. Өйткені осындай кішкентай ғана ұсынысты жазуда талаптарды дұрыс орындай алмайтын ізденуші болса, онда ол шынайы зерттеуге келген кезде, талаптарды бұлжытпай орындай алатынына қандай сенім бар деген ойға қалады.

Бірінші, әрі ең қиын, және көбіне сақталмай жататын талаптардың бірі сөз саны. Зерттеу ұсынысының әр бөлімін жазуда сөз санына шектеулер қойылады. Мысалы, 150, немесе 200 сөзден көп болмасын деген. Шектеу 150 сөз болса, содан асырмаңыз, 151 сөз де жазуға рұқсат жоқ. Осыдан кейінгі тағы бір талап жобаңыздың мазмұнына қатысты. Міндетті түрде зерттеу жобасын жазып болған соң, оны тағы бір білікті адамға оқытып көріңіз. Егер ол жазғаныңнан еш нәрсе түсінбедім десе, онда жұмысыңыздың сәтсіз шыққаны. Сіздің ойыңызда тұрған нәрсе сізге түсінікті әрі белгілі болғанымен, оны оқытын адам оны білмейді. Соны естен шығармаңыз. Жұмысыңызды маман емес адам оқығанда да түсіне алатындай етіп жазуға тырысыңыз. Өйткені комиссия мүшелері арасында сіздің салаңыздан хабары жоқ адамдар да отыруы мүмкін. Және олар сіздің жұмысыңыз тым күрделі тілмен жазылғандықтан, оның әлеуетін дұрыс бағалай алмауы мүмкін. Зерттеу ұсынысыңызды бірнеше рет қайта жазып шығатыныңызға дайын болыңыз. Ол бір жазылғанда жазылып шықпайды және күн сайын өзгертіліп, толықтырылып отыруды қажет етеді. Мен ғана осындай жолы болмайтын біреуім, бір жұмысты мың рет қайта-қайта жазып жүретін деп, өзіңізді аяп, қиналып, уайымға салынып кетпеңіз. Шынайы ізденіс барлық уақытта осылай жазылатынын есіңізге алып, осыған ойша көңіліңіз. Керісінше, өз қателеріңізді өзіңіз көре алатыныңызға, жаңа, тың идеялардың келіп жатқанына, кемшіліктерді таба алып жатқаныңызға қуаныңыз. Өйткені шын мәнісінде көп жағдайда өз жұмысыңыз өзіңізге мінсіздей көрініп тұруы мүмкін, көбіне өз жұмысына сыни көзқараспен қарау барлық ізденушілердің қолынан келе бермейді. Және бұл өкінішке орай, үлкен кемшілік және қателік. Мысалы, қарапайым тілде түсіндіретін болсақ, егер қандай да бір компания косметика сатумен айналысады дейік. Ол өз өнімін сату үшін оны жарнамалайды. Сонда ол мүмкіндігінше оны жеңіл тілмен, әдемі,



ұқыпты, жұрт қызығатындай етіп көрсетуге тырысады. Сіздің жобаңыз да сондай. Сіздің зерттеу ұсынысы түріндегі өніміңіз, сіздің тауарыңыз, сондықтан оны мейлінше жетілдіруге бар күшіңізді салыңыз. Одан соң сізден зерттеу ұсынысы не нәрсеге байланысты талап етіп отырылғанын да ойланыңыз. Мысалы, бұл докторантураға байланысты болса, онда оның мақсаты сіздің әлеуетіңіздің қаншалықты мықты екенін көру. Ал егер жеке бір ұйымдар жариялаған конкурс үшін болса, зерттеуіңіздің прагматикалық шын өмірде қолдануға болатын тәжірибелік жағына мән беріңіз. Өйткені оларға жалпы ғылым аса құнды емес, белгілі бір сұрақтың немесе мәселенің ең тиімді жолмен шешілуін анықтау маңызды. Егер мемлекеттік тапсырыс болса, онда дәл қазір мемлекет үшін не нәрсе өзекті, сіздің зерттеуіңізден қоғамға қандай пайда келуі мүмкін деген сияқты нәрселерді ойланыңыз. Мәселе мынада – зерттеу сұрағының маңызды болғаны жақсы, бірақ сіздің оны дәйектей білу алу қабілетіңіз де үлкен рөл ойнайды. Сондықтан жазбаңыз нақты, сөйлемдеріңіз жинақы, дәлелдеріңіз тастай болуы керек, сілтемелерді көрсетуге тиіссіз.

Ұсыныстағы тағы бір маңызды нәрсе қолданылатын әдістерді дәйектей алу. Бұл біріншіден, сіздің жалпы зерттеу әдістерімен және әдістемелегімен таныс екеніңізді көрсетеді, екіншіден, сіз ұсынған әдістерге қарай сіз жұмысыңызды шынымен орындай аласыз ба соны көруге болады.

Әдістер қаншалықты қисынды әрі жіті ойластырылған болса да, сарапшылар оның жүзеге асатынына сенбесе, ештеңе шықпайды. Тәжірибеңіз бар екенін немесе оны дамыта алатыныңызды, қажет деректерді қолға түсіре алатыныңызды; көрсеткен уақытқа үлгеретініңізді; бюджет шеңберінен шықпайтыныңызды дәлелдеңіз (әдістер бөлімінің жұмысы, уақыт кестесі мен бюджетті де қамту қажет). Әдістерге арналған бөлімде қолданған тәсіліңіздің тиімді, этикалық талаптарға сай екеніне, соның арқасында сұрақтарға жауап алу қолыңыздан келетініне бәрін сендіруге тиіссіз.

Келесі бір маңызды жайт зерттеушінің әлеуетін көрсете алу. Сіздің жазған жұмысыңыз сізді мүлдем танымайтын, сізден еш хабары жоқ адамның алдына барады. Сондықтан сіз зерттеу жобаңыз арқылы барынша өзіңіздің мықты зерттеуші екеніңізді көрсетуіңіз керек. Оған мыналар жатуы мүмкін: шешендік қабілеттеріңіз, яғни ойыңызды тиянақты, дәйекті әрі түсінікті жеткізе алу қабілетіңіз, ұсынысты талаптарға сай жаза алуыңыз, бұл сіздің тиянақтылығыңызды және жауапкершілігіңізді көрсетеді, ешқандай грамматикалық, емлелік қателерді жібермей жазуыңыз, бұл сіздің сауаттылығыңызды, тыңғылықты еңбектене алу қабілетіңізді білдіреді, зерттеуіңіздің қаржы бөлуге тұрарлық екенін дәйектей алатын негіздемелер келтіру, бұл сіздің академиялық мектептен өткеніңізді, жалпы осы саладан тәжірибеңіз бар екенін және қаншалықты саналы екеніңізді көрсетеді. Қолданылған әдебиеттері тізімін мінсіз етіп беру сіздің еңбекқор екеніңізді және осы саладан қаншалықты хабардар екеніңізді көрсетіп береді. Яғни зерттеу ұсынысыңыз сіздің айнаңыз сияқты, сіздің барлық әлсіз әрі мықты тұстарыңызды комиссия мүшелеріне жайып береді.

## ҰСЫНЫС ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Ұсыныс қандай элементтерден тұрады? Ең бірінші – ол атауы. Зерттеудің атауы комиссия мүшелерінің шешіміне кәдімгідей ықпал етуі мүмкін. Кейбір зерттеулердің атаулары-ақ оны конкурстан шығарып тастауға жеткілікті болып жатады. Атауды қойғанда оның мүмкіндігінше түсінікті, қысқа болуына қараңыз. Атауыңыз зерттеуіңіздің мазмұнын қысқа түрде ашып көрсете алатындай болуы тиіс. Шұбалаңқы, күрделі сөйлемдерден тұратын, сұраулы сөйлем ретінде құрылған атаулар ең сәтсіз атауларға жатады.

Түйіндеме/аннотация. Ұсыныста жобаның түйіндемесін беру керек, әдетте оны бірнеше сөзбен қысқа жазу талап етіледі. Жобаңыздың не туралы екенін, неліктен және қалай жұмыс істейтініңізді қысқа тұжырымдап, бірнеше сөйлемге сыйдыру арқылы бағытыңыздың дұрыс екенін дәлелдейсіз.

Келесі бір элемент зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Мақсат көп жағдайда біреу болады. Көбіне тақырыпта сол мақсат айтылып та тұрады, мысалы, қарастыру, талдау, жасау, зерделеу, ендіру деген сияқты. Ал ол мақсатқа қол жеткізу үшін алдыңызға бірнеше міндеттер қоюыңыз керек. Мысалы, егер мақсатыңыз болашақта беделді жұмыс орнында қызмет істеу болса, оған жету үшін сіз бірнеше сатылы немесе хронологиялық міндеттерді қоясыз. Мысалы, бірінші міндет, оқуға түсіп, диплом алу, екінші міндет көп іздену, үнемі өзіңіз таңдаған мамандыққа байланысты соңғы жаңалықтардан хабардар болып жүру, үшінші студент кезден-ақ, аз жалақыға болса да, өз салаңызда тәжірибе жинау мақсатында жұмысқа кіру т.с.с. Зерттеуде де негізгі мақсатқа жету үшін осындай жеке-жеке міндеттерді қоя алуыңыз қажет. Және әр міндетті орындауға жіберілетін уақытты жоспарлауыңыз міндетті. Мысалы, бірінші міндетті жарты жылда орындаймын деген сияқты. Ол міндетті орындау үшін қандай әдістерді қолданатыныңызды да көрсетуіңіз керек. Өйткені сол әдісіңіз арқылы сіз міндеттің орындалу ықтималдығын көрсете аласыз.



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Зерттеу ұсынысы

Егер бұл дипломдық не диссертациялық жұмысқа қатысты болатын болса, онда сіздің әр тарауыңыз бір міндетке бағышталған болуы тиіс. Мәселен, егер сіздің тақырыбыңыз зерттеуіңіздің мақсаты Жастар арасындағы ажырасу санының көбею себептерін анықтауға арналған болса, онда сіздің бірінші міндетіңіз ажырасуға қатысты қазақстандағы соңғы жылдардағы жағдаймен танысу болуы мүмкін. Яғни сіздің зерттеуіңіздің бірінші тараушасы осы жағдаймен танысуға және соны таратып сипаттап шығуға арналады. Екінші міндетіңіз жастардың ажырасуға қатысты көзқарасын анықтау болса, онда сіз екінші тарауыңызда жастардың көзқарасын сипаттауға бағышталады т.с.с. Осы орайда айта кететін жайт зерттеу міндеттерін қоярдан бұрын сіз оны орындай аласыз, оны орындауға уақытыңыз бен қаржыңыз жеткілікті бола ма деген нәрсе туралы ойланыңыз. Міндет көп болған сайын жұмыс құндырақ болады деген дұрыс пікір емес. Оның орнына аз болса да, бірақ шынымен маңызды міндеттер қоя білу және оны орындай алатыныңызды дәйектей алатыныңызға сенімді болу. Әрбір міндетіңізді анықтау, зерделеу, таныс болу, негіздеу, салыстыру жүргізу, зерттеу, ұсыну, ендіру, қарастыру деген сияқты сөздермен аяқтағаныңыз абзал.

Келесі зерттеу сұрағы немесе гипотезасы. Зерттеу сұрағын дұрыс қоя алсаңыз, онда зерттеуіңізді бірден дұрыс жолға қоя аласыз. Кейде тақырып қызық болғанымен, зерттеу сұрағы жоқ зерттеулер де болады. Мысалы жоғарыдағы ажырасудың себебі қазіргі жастардың көбірек экономикалық қысымға ұшырауынан және әлеуметтік тұрғыда әлсіз қорғалуынан деген гипотеза ұсынуға болады. Соңында осы гипотезаңыз қаншалықты дұрыс болғанын және одан да басқа қандай факторлар бар екені анықталғанын жазып көрсетесіз.

Кіріспе. Зерттеудің атауынан соң комиссия мүшелері оқитын бірінші бөлік ол кіріспе. Кіріспеңіз дұрыс құрастырылмаған болса, оны ары қарай оқымауы да мүмкін. Кіріспеңіз ұтымды болу үшін осы тақырып туралы барынша таныс болуға тырысыңыз. Оның өзекті екенін дәйектейтін дәлелдерді келтіре алуыңыз керек. Сіздің жұмысыңыз қандай да бір мәселені қалайша жақсарту алатынын, немесе өзгерте алатынын дәлелдей алуыңыз тиіс.

Әдебиеттерге шолу мінсіз болуы керек. Мінсіз дегенде әрбір үтір, сызықша, нүктенің бәрі де орын орнымен тұрғанына, әдебиеттің авторы, басылымы, бет саны, шыққан жылы және баспасы сияқты барлық деректер барлық әдебиеттерде толығымен көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Одан бөлек өз салаңыздағы ең беделді, елеулі еңбектермен таныс екеніңізді де әдебиеттерге шолу бөлімінде көрсете аласыз.

Уақыт кестесіне сай жұмысыңызды орындай шыға алатыныңызда да дәлелдей алуыңыз керек.

Бюджетті ойластырғанда, конкурс құжаттарындағы бюджетке қатысты қандай талаптар бар екені, не нәрсені бюджетке қосуға болатынын, нені қосуға болмайтынын, бюджеттің шектеулерін жақсылап қарап шығыңыз. Көбіне бюджетке топ мүшелеріне қарастырылатын жалақы, техникалық жабдықтар, іс-сапар, канцелария тауарлары сияқты элементтер болады. Егер бірінші рет бюджетті жоспарлайын деп отырған болсаңыз, маман бухгалтерлердің көмегіне жүгінсеңіз болады, немесе бұрынғы жобалармен танысып, солардың бюджет бөлімін қарап шығыңыз. Сол арқылы өзіңіз де бюджетті жоспарлап шыға алуыңыз мүмкін. Бюджетті жоспарлағанда шынайы сандарды беруге тырысыңыз, қолдан көп соманы көрсетуге аса әуес болудың қажеті жоқ. Себебі дұрыс құрылмаған бюджеттің жоспары да комиссия мүшелеріне теріс әсер қалдыруы мүмкін.

**Цитатаны шектен тыс көп қолданбаңыз.** Әдетте ұсыныстың әр жолы өлшеулі, сондықтан цитатаны молынан келтіруге орын табу қиын. Сөз бен идеяны өзіңіз жазып, әдебиетті көрсетіп қойсаңыз жеткілікті.

Жұмысты жазуға алдын ала қамданыңыз. Аз уақыт қана қалғанда тездетіп жаза салған жұмыстың конкурста жеңу ықтималдығы тым төмен.